# 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімиятының 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 1 Қаулысы. Жамбыл облысы Жуалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда 68 нөмірімен тіркелді

РҚАО ескертпесі.
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы негізінде, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес аудандық әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы ұйымдардың тізбелері № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс анықталып, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Жуалы ауданы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (К. Құрмашов) жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа тартқан кезде нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды ескерсін және жұмыс берушімен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған үлгілік шарт жасассын.

4. "Жуалы ауданы әкімиятының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Момбаев) қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджеттен уақтылы қаржыландыру және қаражаттардың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Айтаковқа жүктелсін.

*Аудан Әкімі* *М. Пралиев*

КЕЛІСІЛДІ:

"Жамбыл облысының Әділет департаменті Жуалы ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы
А. Исманбеков
09 қаңтар 2009 жыл.
"Жамбыл облысының Жуалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы подполковник
Г. Садыбеков
09 қаңтар 2009 жыл.
"Жамбыл облысы әкімиятының Жуалы ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" мемлекеттік мекемесінің директоры
А. Муртазаев
09 қаңтар 2009 жыл.

Аудан әкімиятының 2009 жылғы 12 қаңтардағы "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 1 қаулысына № 1 қосымша

## 2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. Жуалы ауданы "Ақсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
2. Жуалы ауданы "Ақтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
3. Жуалы ауданы "Билікөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
4. Жуалы ауданы "Боралдай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
5. Жуалы ауданы "Нұрлыкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
6. Жуалы ауданы "Бауыржан Момышұлы ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
7. Жуалы ауданы "Жетітөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
8. Жуалы ауданы "Қарасаз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
9. Жуалы ауданы "Көкбастау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік

мекемесі;

10. Жуалы ауданы "Күреңбел ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

11. Жуалы ауданы "Қошқарата ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

12. Жуалы ауданы "Қызыл-Арық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекетік мекемесі;

13. Жуалы ауданы "Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

14. Жуалы ауданы "Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

15. Жуалы ауданы "Шақпақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

16. Жамбыл облысы "Жуалы ауданы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

17. "Жамбыл облысы Жуалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

18. Жамбыл облысының Әділет департаментінің Жуалы аудандық Әділет басқармасы мемлекеттік мекемесі;

19. Жамбыл облысы әкімиятының Жуалы ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі.

Аудан әкімиятының 2009 жылғы 12 қаңтардағы "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 1 қаулысына № 2 қосымша

## 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбекақысының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

| № | Жұмыс түрлері | Нақты жұмыс жағдайлары | Көлемі | Қаржы көздері | Еңбекақы мөлшері (Бір адамға) | Сұра-ныс | Ұсы-ныс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аудан аумағын экологиялық сауықтыру (көріктендіру көгеріштенді-ру және | 1. Арық тазалау<br>2. Күл – қоқыс шығару<br>3. Жол құрылысы және жөндеу | 80 километр<br>1600 тонна<br>80 кило-метр | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | | 125 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тазалық жұмыстары) | 4. Гүл егу және оны күту | 500 метр квадрат | | | 125 | |
| 2 | "Жасыл ел" бағдарламасы бойынша егіл-ген талдардың сақталуын қамтамасыз ету. | 1. Тал егу оны күзету, суғару 2. Ескі талдарды ретке келтіру | 50000 түп 50,0 гектар | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 120 | 120 |
| 3 | Республикалық және аймақтық науқандар өткізу шараларына қатысу. | 1. Сауална-ма жүргізу 2. Санақ жұмыстарына қатысу 3. Әскерге шақыру комиссиясы-на көмек көрсету 4. Басқа да жұмыстар | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 40 | 40 |
| 4 | Бюджеттік мекемелерді қысқы мерзім-ге дайындауға қатысу, соғыс ардагерлері-мен тұрмысы төмен мүге-дектердің, жалғызбасты қарттардың үйлерін ағым-ды жөндеуден өткізуге жәрдемдесу. | 1. Тал эк-теу 2. Отын дайындау 3. Аулалар-ды ретке келтіру. | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 25 | 25 |
| 5 | Ауылдық округтер аймақтарында-ғы ескерткіш, мұражайды күту және күзету | 1. Мұражай-дың тазалы-ғын қадаға-лау 2. Күту және бап-тау, күзету | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 10 | 10 |
| 6 | Табысы аз азаматтардың әлеуметтік жағдайларын анықтау | 1. Көмек беру, жағ-дай жасау | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 10 | 10 |
| | Мүгедек жан-дарға арнал-ған кітапха- | 1. Кітап-тардың | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | налардағы және мектеп кітапханала-рындағы кітап қорының сақ-талуын қамта-масыз ету жұмыстары | парақтарын түгендеу, қайта түптеу, кітаптың мұқабасын жаңарту | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 20 | 20 |
| 8 | Ауылдық округ тұрғындарға малдәрігерлік көмек көрсету және ұрықтандыру | Ұрықтандыру және басқа да жұмыстар | Қажетті-лікке байла-нысты | Жергі-лікті бюджет | 13470 теңге | 20 | 20 |
| | Барлығы | | | | | 370 | 370 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК